



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

**ЛИЦЕЙ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҒЫН
ЗЕРТТЕУ****Әбілмаженова Лунара Қайратқызы, Улекешова Гүлзат Халыковна**

5B060700 – Биология мамандығы студенті, 6M011300 – Биология мамандығы магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.С. Динмухамедова

Мұғалім – білім беру жүйесінің негізгі субъектісі болғандықтан, педагогикалық кадрлардың кәсіби-жеке денсаулығын сақтау және нығайту мемлекеттік білім беру жүйесі мен білім беру мекемелерінің басты бағыты болуы қажет. Жаңа білім сапасына жету үшін қазіргі таңда педагогтардың кәсіби-жеке денсаулығы үшін олардың салауатты өмір салтын ұстану ептілігі қажет болып саналады [1].

Л.М. Митинаның зерттеуі бойынша, «Мұғалімнің кәсіби денсаулығы – заманауи мектептердің стратегиялық проблемасы» болып табылады және мұғалімдердің физикалық және химиялық денсаулық көрсеткіштері төмен болып келеді, сонымен қатар бұл көрсеткіштер мектептегі еңбек өтілінің жоғарылауына орай төмендейді [2].

Мұғалімдердің кәсіби денсаулығы білім жүйесінің табысты болуының бірден бір факторы және тәрбие жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Инновациялық білім беру технологияларын жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби және жеке қасиеттеріне жоғары талаптар қояды.

Мұғалімнің кәсіби денсаулығы – бұл оның кәсіби қызметінің барлық жағдайында мұғалімнің жұмыс қабілеттілігін, тиімділігін дамуын қамтамасыз ететін қорғаушы, реттеуші механизмдерді ағзасының сақтау және белсенділік таныту қабілеттілігі.

Педагогтардың жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі көп жағдайда шаршау, қажу сезімдерінің жоғарылау салдарынан болады. Қызметтегі жоғары жауапкершілікке байланысты туындайтын созылмалы эмоцияналды күйзелістер 91% жағдайларда стенокардия немесе миокард инфарктісінің пайда болуына себеп болады.

Білім беру мекемелерінің шамамен 80% жұмыскерлері уақыт келе созылмалы формаға ауысатын жүрек-тамыр, тыныс алу, ас қорыту және жүйке жүйесі ауруларымен ауырады. В.В. Бойко келтірген мәліметтер: 7300 жалпы білім беретін мектеп педагогтарының ішінде, 29,4% жағдайларда жүрек-тамыр жүйесінің қауіпті патологиялары кездеседі; 37,2% педагогтарда ми тамырларының аурулары анықталған; және тексерілгендердің 57,8%-ында асқазан, ішек жолдарының қызметі бұзылған екендігін келтіреді [3].

Педагогтардың денсаулық жағдайларына жүргізілген зерттеулер, кәсіби қызмет барысында педагог организмінің бейімделу өзгерістерінің күрделі екендігін дәлелдейді. Жалпы физикалық денсаулық жағдайының нашарлау үрдісі еңбек өтілінің өсуіне байланысты фазалы сипатқа ие екендігі анықталды: реттеу механизмінің кернеулігі еңбек жолының бірінші жылдарында жоғарыласа, кейінгі жылдары тұрақталады. Бірақ, 21 жастан 31 жасқа дейінгі кезеңде 2 қарама-қарсы үрдіс айқындалады: реттеу механизмдерінің жұмысы одан әрі жақсарумен қатар, педагогтардың бір бөлімінде реттеу жүйесі қызметінің нашарлауы байқалады. Еңбек өтілі 30 жылдан көп мұғалімдерде бақылау қызметінің нашарлауы басталады. Еңбек қызметінің ұзақтығы неғұрлым жоғары болса, психикалық реттеу механизмінің теңгермелі қызметінің маңызы соғұрлым зор болады. 30 жыл шамасындағы өтіл кезінде кәсіби қызметтің табысты жалғасы ішкі жай-күйдің тұрақты белсенділігіне және тұрақты жұмыс қабілеттілігіне байланысты [4].

Жалпы орта білім беру, арнайы орта білім беру және жоғары білім беру мұғалімдеріне әлеуметтік сұрау жүргізген кезде: өзін толық дені сау деп санайтындар тек 8%-ды құрайды; педагогтардың 20%-да созылмалы аурулармен ауырады; жылына 3-4 рет ауыратын мұғалімдер 32%-ды құрады; жұмыс күнінің соңында мұғалімдердің бәрі дерлік қажуды сезінеді. Мұғалімдер өз денсаулық деңгейлерінің педагогикалық үрдіске кері әсер

ететін фактор екендігін түсінеді. Респонденттердің 2%-ы өзін агрессивті көрсетеді; 21,7%-ы құлазуды (апатия) сезінеді; мұғалімдердің 41,3%-ына қозғыштық тән. Бұл келтірілген мәліметтер білім беру міндеттерін шешуде педагогтарды өсіп келе жатқан ұрпақты салауаттандыру мәселесінен тыс қалдыратынын дәлелдейді [5].

Зерттеу мақсаты: лицей мұғалімдерінің психикалық жағдайы мен денсаулығына мониторинг жүргізу.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес 2018 жылы Астана қаласының №78 мектеп-лицейдің мұғалімдеріне денсаулық мониторингі жүргізілді. Зерттеуге 23-60 жас аралығындағы 81 мұғалім қатысты. Мұғалімдердің 16-сы ер адам, 65-і әйел адам. Зерттелушілер жас бойынша, еңбек өтілдері бойынша бірнеше топтарға жіктелді. Зерттеу күннің бірінші жартысында жүргізілді.

Жас ерекшелігі бойынша 4 топқа: I топ 23-30 жас, $n=26$; II топ 31-40 жас, $n=28$; III топ 41-50 жас, $n=17$; IV топ 51-60 жас, $n=10$, еңбек өтілі бойынша 4 топқа бөлінді: I топ 3 жылға дейін, $n=22$; II топ 4-10 жыл, $n=20$; III топ 10-20 жыл, $n=25$; IV топ 20 жылдан жоғары, $n=14$.

Организмнің функционалдық жағдайын бағалау бағдарламасына анамнез жасау, антропометрия, өмірлік индекс, кардио-респираторлық жүйке көрсеткіштері мен физикалық дайындық деңгейін арнайы құралдар арқылы зерттеу кірді.

Психоэмоционалдық және күйді зерттеу әдістері мұғалімдердің психологиялық жағдайы, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық бейімділікті бағалау (А.К.Осницкий бойынша), психикалық жай-күйді бағалау (Айзенк бойынша), мазасыздануды бағалау (Ч.Д.Спилберг – Ю.Л.Ханин бойынша), невротизация мен психопатизация деңгейін анықтау, агрессиялық күйдің диагностикасы (Басса-Дарки бойынша), жетістікке деген мотивация (Элерс бойынша), ұжымдағы климат, кәсіби дағдарыстар (О.М.Чоросова бойынша), эмоциялық күйзелістің деңгейін өлшеу, денсаулығына және салауатты өмір салтын ұстануға қатынасын анықтау (С.Дерябо, В.Ясвин бойынша) жүргізілді.

Психофизиологиялық күйді зерттеу әдістері мидың функционалды асимметриясын бағалау, естің жай-күйін бағалау, ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттігін анықтау, зейінді бағалау (зейін концентрациясы) бөлімдері бойынша жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша антропометриялық, кардио-респираторлық жүйе көрсеткіштері мен физикалық дайындық деңгейінің мәліметтері негізінде ағзаның функционалдық жағдайының 3 деңгейіне (жоғары, орташа, төмен) қорытынды жасалды. Жас пен еңбек өтіліне байланысты жіктелген төрт топтың ЖЖЖ қалыпты, айырмашылық $p > 0,05$ көрсеткіші бойынша I-III топтар ($67,7 \pm 1,3$ - $71,5 \pm 1,1$) мен I-IV топтар ($67,7 \pm 1,3$ - $74 \pm 1,7$) арасында байқалады.

СК, мм.сын.бағ: I-III ($112,2 \pm 1,7$ - $128,7 \pm 3,8$), I-IV ($112,2 \pm 1,7$ - $141,9 \pm 4,3$), II-IV ($120,7 \pm 4,3$ - $141,9 \pm 4,3$), III-IV топтар ($128,7 \pm 3,8$ - $141,9 \pm 4,3$) арасында айырмашылық;

ДК, мм.сын.бағ: I-II ($67,96 \pm 2,1$ - $75 \pm 2,8$), I-III ($67,96$ - $79,07 - 2,8$), I-IV ($67,96 \pm 2,1$ - $85,9 - 2,3$), II-IV ($75 \pm 2,8$ - $85,9 - 2,3$) арасында;

ПҚ, мм.сын.бағ: I-III ($44,21 \pm 1,69$ - $49,63 \pm 1,92$), I-IV ($44,21 \pm 1,69$ - $55,95 \pm 3,47$), II-IV ($45,74 \pm 2,64$ - $55,95 \pm 3,47$) арасында айырмашылықтар байқалды.

ӨТС, л: I-III ($2,44 \pm 0,009$ - $2,18 \pm 0,07$), I-IV ($2,44 \pm 0,009$ - $2,01 \pm 0,1$) арасында;

Дене ұзындығы, см: I топта- $161,1 \pm 1,2$; II топта- $161,2 \pm 2,4$; III топта- $159,4 \pm 1,1$; IV топта- $159,09 \pm 1,4$ аралығында көрсетті.

Дене салмағы, кг: I-II ($56,3 \pm 1,4$ - $66,4 \pm 2,4$), I-III ($56,3 \pm 1,4$ - $69,1 \pm 2,5$), I-IV ($56,3 \pm 1,4$ - $70 \pm 2,3$) арасында айырмашылық көрсетті.

Мұғалімдердің 12,2%-ында денсаулық деңгейі жоғары, 41,1% - орташа, 45,6%-төмен. Жас ұлғайған сайын денсаулық деңгейінің орташа мәні $3,85 \pm 0,15$ -тен, $2,76 \pm 0,13$ -ке дейін, ал еңбек өтіліне байланысты $4,05 \pm 0,15$ -тен $2,85 \pm 0,06$ -ға дейін төмендейді.

Эмоционалдық күйзеліс деңгейі I-II ($22,3 \pm 126,07 \pm 1,6$) II-III ($26,07 \pm 1,6$ - $21,3 \pm 1,3$), II-IV ($26,07 \pm 1,6$ - $19,8 \pm 1,6$) арасында айырмашылыққа ие.

Кәсіби жетістіктер редукциясы айырмасы I-III топта ($29,3 \pm 1,2$ - $33,6 \pm 0,8$), II-III топта ($30,3 \pm 1,2$ - $33,6 \pm 0,8$) болды.

Әрекет шкаласы бойынша, денсаулығына көңіл бөлетін және салауатты өмір салтын ұстанатын, айналасында дені сау орта қалыптастыратын, түрлі сауықтыру құралдарын насихаттайтын мұғалімдер 55,1% құрады. Мұғалімдердің әлеуметтік пассивтілігін көрсететін төмен ұпай 7,8% құрады.

Мидың функционалық асимметриясы жасқа және еңбек өтіліне байланысты бөлінген барлық мұғалімдер тобына оңқайлар саны пайыздық қатынас жағынан жоғары.

Мұғалімдерде зейіннің ауысу деңгейін зерттеу барысында жас пен еңбек өтіліне байланысты бұл көрсеткіштер өзгертінін байқадық. Жасқа байланысты мұғалімдерде зейіннің ауысуы орташадан жоғары ($80,9 \pm 9,2$ сек) деңгейден орташадан төмен ($118,2 \pm 23,6$ сек) деңгейге дейін ауытқиды. Ал еңбек өтіліне байланысты орташадан жоғары ($70,6 \pm 11,1$ сек) деңгейден орташа деңгейге ($95,9 \pm 15,4$ сек) өзгереді. Қартаю қарқынына байланысты бөлінген топтар арасында ерекшеліктер айқындалмады.

Осылайша, мұғалімдердің кәсіби денсаулығы – көпқырлы және сезімтал мәселе екендігін зерттеу жұмысы анықтап көрсетті. Мұғалімдерде салауатты өмір салтын ұстанатын мінез-құлық қалыптастыру – қазіргі заманауи мектептердің стратегиялық мәселесі және тиімді жұмысының кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Герьянская Н.О. Здоровье учителя: учебно-методическое пособие; под общ. ред. И.В.Плющ. – Новосибирск: Изд-во НИПКиПРО, 2009.-154с.
2. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М.: Академия, 2004.-320с.
3. Александрова Ф.Д. Риски педагогической профессии. Орловская обл, Орел г. 2016г. 1-3с.
4. Резниченко М.А. Эмоциональная устойчивость личности учителя с разными характеристиками профессионального самосознания. 2016г. 2с.
5. Китаев-Смык Л.А. Психология стресса / Л.А.Китаев-Смык. – М.: Наука, 1983. – 183с.

ӘӨЖ 579.672

СҮТ ҚЫШҚЫЛДЫ ӨНІМДЕР ҰЙЫТҚЫЛАРЫНАН БӨЛІНІП АЛЫНҒАН ЛАКТОБАКТЕРИЯЛАРҒА МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Әбсағит Ләйлім Нығыметоллақызы

lyailim@list.ru

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшілер – м.ғ.к., профессордың м.а. Ахметова С.Б., оқытушы Амирханова Ж .Т.

Жұмыстың өзектілігі: Сүт қышқылды бактериялар қолдануымен дайындалатын бірқатар өнімдердің бірсыпыра ауруларды емдеудегі маңызы бұрыннан белгілі. Ежелгі ойшылдар бұл өнімнің химиялық құрамын білмесе де, тигізетін әсерін байқап, оны «өмір шырыны» деп атаған [4].

Елімізде көптеп өндірілетін әр алуан сүт өнімдерінің құрамына кіретін сүт қышқылды бактериялардың биологиялық белсенділігін анықтау бойынша оларды күнделікті қолданылған кезде адам денсаулығына алып келетін пайдасын зерттеу, аурулармен күресуде қолдану мүмкіншілігін қарастыру микробиология, биотехнология және медицина салаларында өзекті мәселе.

Жұмыстың мақсаты: Қарағанды облысында өндірілетін сүт өнімдерінен бөлініп алынған пробиотикалық микроорганизмдерге морфологиялық, дақылдық қасиеттерін зерттеу және биологиялық белсенділігін бағалау арқылы скрининг жүргізу.

Материалдар мен әдістер: Материалдар ретінде жергілікті өндірушілердің сүт қышқылды өнімдердің үлгілерін пайдаланылды. Зерттелген 19 үлгіде болған сүт қышқылды